

# Д 6. Мемлекеттік компанияның активтердің инвестициялық қызметін басқару

**2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі**

**«Мемлекеттік активтерді басқару»**

**6B04102 - «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру  
бағдарламасы**



Sifat

www.sifat.kz

# Инвестиция мемлекеттік реттеу объектісі ретінде

- Инвестиция – капиталды сақтау және көбейту мақсатында ақша құралдарын салу.
- Инвестициялар дегеніміз – мүліктік құндылықтардың барлық түрлері және оларға деген құқық, сондай-ақ пайда (табыс) алу мақсатында инвесторлардың кәсіпкерлік қызмет нысандарына жұмсаған интеллектуалдық меншікке құқық.
- Инвестициялық қызмет дегеніміз - пайда табу және (немесе) басқа тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін инвестициялау және практикалық әрекеттерді орындау.

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

Инвестициялық саясат – инвестициялардың неғұрлым басым бағыттарын айқындайтын шаралар жүйесі; өндірісті, кәсіпкерлікті дамыту, пайда немесе басқа да түбегейлі нәтиже алу мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектінің (кәсіпорынның, фирманың, компанияның, т.б.), аймақтың, елдің ішінде де, сондай-ақ одан тысқары жерлерде де қаражат (инвестиция) салудың көлемін, құрылымы мен бағытын белгілейтін шаруашылық шешімдерінің жүйесі.

# **Дамудың қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының мақсаты**

**– бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялық, ғылым  
тұтынушылық өндірістердің дамуына приоритетті тәртіппен  
бағыттталатын ішкі және сыртқы инвестициялар ағымының  
жоғары деңгейіне жету болып табылады.**

# ***Тікелей инвестиция дегеніміз-***

капиталды экспорттаушының қабылдаушы ел территориясында өндірісті ұйымдастыруын айтады.

Тікелей инвестициялар арқылы халықаралық корпорациялар дүниежүзілік нарықта өз бөліктерін жүргізеді.



**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРҒА СӘЙКЕС  
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ МЫНАДАЙ ЖОЛДАРМЕН  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ:**

**МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТІКЕЛЕЙ  
БАСҚАРУ;**

**салық жеңілдіктерін беру; демеу қаражат, жәрдем-қаражат,  
бюджеттік несиелер түрінде қаржылай көмек беру;**

**тиісті несиелер  
саясатын,  
баға  
белгіленімін;**

**амортизациялық  
саясат жүргізу;**

**нормалар мен стандарттардың  
қолданылуына, сондай-ақ, міндетті  
түрде сертификаттау ережесінің  
орындалуына бақылау жасау.**

## Кәсіпорындардың инвестициялық саясаты

Кәсіпорындардың инвестициялық саясаты олар таңдаған инвестициялық стратегиясының бір бөлігі болып табылады.

Инвестициялық саясатты жүзеге асыру барысында мақсатқа сай келесі белгілерді сақтау керек:

- Жоғары-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық және әлеуметтік тиімділікке жету;
- Салынған капиталдан кәсіпорындар қолайлы табыс табуы керек;
- Қаржылық ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- Инвестициялар тиімділігін жағарлату үшін мемлекет араласуын қолдау;
- Шетел инвестицияларынан несие жеңілдіктерін алу;
- Инвестициялық тәуекелділікті азайту.



# Инвестициялық қызметтің субъектілері

- Мемлекет
- Заңды тұлғалар
- Банктер
- Сақтандыру ұйымдары
- Зейнетақы қорлары
- Инвестициялық қорлар
- Халықаралық ұйымдар

# Инвестициялық қызметтің объектілері

- Негізгі және айналым қорлары
- Құнды қағаздар
- Мақсатты ақшалай салымдар
- Ғылыми-техникалық өнім
- Мамандарды дайындау және қайта даярлау
- Мүліктік құқық және интеллектуалды меншік

# Мемлекеттік инвестициялық саясат

- Мемлекеттік инвестициялық саясат – мемлекеттің инвестициялық қызметке қатынасын білдіретін әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі.



# Мемлекеттік инвестициялық саясаттың мақсаты

- Инвестициялық қызмет үшін қажетті қаржылық ресурстарды жинақтау;
- Инвестициялық белсенділіктің төмендеуін болдырмау;
- Мемлекеттік мақсатты кешенді бағдарламаларын жүзеге асыру;
- құрылымдық қайта құруларды қамтамасыз ету;
- Капитал салымдарының тиімділігін арттыру.

# Инвестициялық саясаттың негізгі міндеттері:

- Ұзақ мерзімді инвестицияларға экономикалық жағдай құру;
- Шетел капиталын тарту.

# Инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары

- Инвестициялық қызметтегі басымдықтарды анықтау. Басымдықтар мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды қаржыландыруға, әлеуметтік объектілерге, негізгі қорларды жаңарту мен кеңейтуге беріледі.
- Шығындарды оңтайландыру, экономиканың маңызды салаларына бюджеттен субсидиялар бөлу;

- Инвестор-кәсіпорындардың құқықтарын кеңейту;
- Инвестицияларды бюджеттік қаржыландыруды қысқарту, мемлекеттік емес инвестициялауды дамыту;
- Шығындардың өтелу мерзімін қысқарту және инвестициялардың тиімділігін арттыру.



# Инвестициялық саясаттың модельдері

```
graph TD; A[Инвестициялық саясаттың модельдері] --> B[Американдық модель]; A --> C[Жапондық модель]; A --> D[Тайвань моделі];
```

Американдық  
модель

Жапондық  
модель

Тайвань моделі

# Американдық модель

Жеке инвестицияларды  
салықтық  
ынталандырумен  
ерекшеленеді.

## Жапондық модель

Жеке жобаларды  
мемлекеттік  
қаржыландыруға басты  
назар аударылады.

## Тайвань моделі

Жеке инвесторлардың шешімдерімен келісу үшін механизмдерді құру мен үйлестіру , кемшіліктерін жою негізгі қызмет болып табылады. Мемлекет қажетті инфрақұрылым жасайды және адам капиталына салымдарды ынталандырады.

# Инвестициялық саясатты мемлекеттік реттеу

- Инвестициялық белсенділікті және экономикалық өсуді ынталандыру үшін мемлекеттік басқару органдарымен жүзеге асырылатын құқықтық, орындаушылық, бақылаушы сипаттағы шаралар жүйесі.

Мемлекеттік инвестицияларды  
басқару 4 жеке кезеңде жүзеге  
асырылуы қажет.

Жоспарлау;

Бағдарламалау;

Бюджетті дайындау;

Орындау

# Мемлекеттің инвестициялық қызметті реттеу нысандары

Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер шығару;

Мемлекеттік инвестицияларды тікелей басқару;

Мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қабылдау;

Мемлекеттік қызметті ерекше реттеу нысаны;

Инвестициялық қызметті реттеудің экономикалық әдістері

# Инвестициялық қызметті экономикалық реттеу

Салық салу

Мемлекеттік органдардың инвестициялық қызметке  
қатынасуы

Еркін экономикалық зоналарды құру

Қаржылық ресурстарды бөлу және қайта бөлу

Несиелік-қаржылық механизм



# Инвестициялық қызмет үшін жағымды жағдайлар қалыптастыру

- Салық жүйесін, амортизациялық аударымдарды пайдалану және амортизацияны есептеу механизмін жетілдіру;
- Инвестициялық қызмет субъектілеріне арнайы салық режимдерін белгілеу;
- Инвесторлардың мүдделерін қорғау;
- Инвестициялық қызмет субъектілеріне жерді, басқа да табиғи ресурстарды пайдалану жеңілдіктерін беру;

- Монополияға қарсы шараларды қабылдау;
- Несиелендіруді жүзеге асыруда кепілдерді қолдану мүмкіндігін кеңейту;
- Инвестициялық қызмет субъектілерінің меншікті инвестициялық қорларды құруға мүмкіндік жасау;
- Инфляция қарқынына байланысты негізгі қорларды қайта бағалауды жүргізу.

# Мемлекеттің инвестициялық қызметке тікелей қатынасуы

- Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды жасау, бекіту және қаржыландыру;
- Құрылыс тізімін жасау және оларды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру;
- Мемлекеттік бюджеттің есебінен инвестициялық жобалар бойынша конкурстық негізде мемлекеттік кепілдер беру;

- Инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін мемлекеттік бюджеттің қаржыларын конкурстық негізде ұсыну;
- Инвестициялық жобалардың сараптамасын жүргізу;
- Стандарттарды жасау және бекіту, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру.



*Назарларыңызға  
рахмет!*